



Халық банкі мен Beeline ұсынған Visa тұғырнамасындағы «Magic Card» кредиттік карточкасы – Ірі бонустық жүйелердің бірігуі

Алматы, 2013 жылғы 24 сәуір – «КаР-Тел» ЖШС (Қазақстандағы Beeline сауда маркасы) мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жаңа өнім – Visa халықаралық төлем жүйесі тұғырнамасындағы «Magic Card» кредиттік карточкасы шығарылғанын хабарлайды.

Бұл карточканың бірқатар артықшылықтары бар. «Magic Card» карточкасын сатып алу арқылы клиенттер сауда және сервис желілерінде 50 күнге дейін пайызсыз кредит пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге мынадай бонустық топтамалардың бірін таңдай алады:

1. Beeline желісінде 1000 тегін минут,
2. 500 Мб мобильдік интернет және Beeline желісінде 500 sms,
3. 1 Гб мобильдік интернет.

«Halyk» бонустық клубының серіктес – компанияларында сатып алу немесе қызмет ақысын «Magic Card» карточкасымен төлеу арқылы оны ұстаушы сатып алу құнынан пайыздармен есептелетін бонустар алады, олар кейін карточкаға есепке алынады. Жинақталған бонустармен кез-келген Beeline абоненттік шотын толтыруға болады.

Beeline компаниясы ұсынған «Жаса!» клубына қосылу, кредиттік карточка көмегімен мобильдік телефон балансын толтыру арқылы ұстаушы «Жаса!» клубынан ай сайын 100 бонустық балл алады.

Жинақталған «Жаса!» баллдарын клиент тегін хабарласу минутына, sms және интернетке алмастыра алады, сондай-ақ Beeline компаниясы ұсынған «Magic Store» купондық сервисінен түрлі жеңілдікті қызметтерге купондар сатып ала алады.

Жоғарыда айтылған артықшылықтармен қатар клиент ай сайын комиссиясыз «All» топтамасын – карточка бойынша операциялар туралы хабарламаларды мобильдік телефонға автоматты түрде алу арқылы мобильдік банкинг қызметіне қосылады.

«Бүгін ұсынылып отырған, КаР-Тел және Visa компанияларымен серіктесе отырып жасалған өнім Қазақстан нарығы үшін бірегей болып табылады. Ол ауқымды мүмкіндіктер мен қазіргі заманғы инновациялық банктік және телекоммуникациялық технологиялардың артықшылықтарының түйілісінен туған. Біздің жаңа бірлескен өніміміз клиенттерге кең ауқымды қызметтер кешенін ұсынады және олар лайықты бағаланады деген сенімдемін. «Magic card» карточкасы – бұл біздің клиенттерімізді сапалы, ыңғайлы және қолжетімді өнімдермен және қызметтермен одан әрі қамтамасыз етуге бағытталған басты мақсатымызды іске асыруға жасалған тағы бір қадам», – дейді «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары **Марат Әлменов**.

«Magic Card» – бұл тек брендинг қана емес, жүйелерді, техникалық үдерістерді және т.с.с. біріктіруге бағытталған ауқымды жұмыс. Әмбебап байланыс операторы ретінде біз өз клиенттерімізге бизнесімізбен байланысы бар сұраныстардың барлығын жүзеге асыруға қажетті жаңа мүмкіндіктерді ұсынуға тырысамыз», – дейді «КаР-Тел» ЖШС (Beeline сауда маркасы) маркетинг дирекциясы директорының міндетін атқарушы **Алексей Кисенков**.

«Бонустардың болғаны әрдайым жақсы. Екі бонустық бағдарламаны бір өнімде біріктіру – тіптен жақсы. Жаңа кредиттік карточка арқылы қолма-қол ақшасыз карточкалық төлемдердің артықшылықтарының барлығын бағалайтын қазақстандықтар саны арта түседі деп сенеміз», – дейді Алматыдағы Visa кеңсесінің бастығы **Ғалым Табылдиев**.

Қосымша ақпарат алу үшін: www.zhasa.kz, www.halykbank.kz

Толығырақ ақпарат алу мақсатында хабарласу үшін:

«КаР-Тел» ЖШС Бұқарамен байланыс қызметі:
Байрам Азизов, +7 7777 55555 8,
BAzizov@beeline.kz

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ баспасөз қызметі:
Ермек Койчебаев,
+7 (727) 2590816,
ERMEKK@halykbank.kz

Visa компаниясының Алматыдағы кеңсесінің баспасөз қызметі:
Жұлдыз Баймағамбет, +7 (727) 250 62 09,
zhuldyz.baimagambet@ogilvypr.kz

ӨНІМ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

15 минутта комиссиясыз рәсімдеу. Кредиттік карточканы шығару және рәсімдеу үшін қандайбір комиссия төлемей, 15 минут ішінде рәсімдеуге болады.

50 күнге дейін пайызсыз кредит. Жасалған сауда немесе көрсетілген қызметтер ақысын «Magic card» карточкасы бойынша төлеген және жұмсалған соманы жеңілдетілген кезең (ең жоғарғы мерзімі 50 күнге тең) ішінде өтеген жағдайда Банк пайыздар есептемейді. Өтелген кредит сол мезетте дереу қолжетімді болады.

Икемді және ыңғайлы өтеу схемасы. Кредиттік карточканы ұстаушының берешекті толығымен немесе ішінара өтеу мүмкіндігі бар. Бұл ретте ең төменгі төлем сомасы карточкаға төлемдік кезең аяқталғанға дейін енгізілуге тиіс. Берешекті уақытылы және толық көлемде өтеу арқылы кредиттік карточканы ұстаушы пайыз есептелуінен құтылады.

Мобильдік банкинг қызметі арқылы қаражаттың жұмсалуды бақылау. Кредиттік карточканы ұстаушы операциялардың барлығы бойынша, оның ішінде өтелуі қажетті берешек сомасы туралы хабарламаларды мобильдік телефонға алады. Бұл қызмет үшін комиссия ұсталмайды.

Комиссиясыз сатып алу. Тауардың және қызметтердің ақысын «Magic Card» карточкасы арқылы төлеген жағдайда тек тауардың/қызметтің ақысы ғана төленеді, бұл операция үшін банк комиссия ұстамайды.

Сатып алу үшін бонустар. Сатып алулардың/қызметтердің ақысын «Halyk» бонустық клубының серіктес компанияларында «**Magic Card**» карточкасы арқылы төлей отырып кредиттік карточканы ұстаушы карточкаға сатып алу құнынан %-бен бонустар жинайды. Жинақталған бонустармен клубтың серіктес компанияларында есеп айырысуға болады. Бонустар сомасын кредиттік карточканы ұстаушы банкоматтар арқылы, сондай-ақ «Интернет банкинг» жүйесінен біле алады.

Әрдайым байланыста. Beeline компаниясы ұсынған «Жаса!» клубына қосылу және кредиттік карточкадан Beeline мобильдік телефонының балансын толтыру арқылы ұстаушы «Жаса!» клубынан ай сайын 100 бонустық балл алады.

Жиналған «Жаса!» баллдарын тегін минуттарға, SMS, Интернет топтамаларына немесе «**Magic store**» купондарына ауыстыруға болады.

VIP деңгейдегі серіктестер үшін «Жаса!» клубының жеңілдіктері. «Magic Card» карточкасын ұстаушы болу және Beeline компаниясы ұсынған «Жаса!» клубына қосылу арқылы оны ұстаушы «Жаса!» клубының серіктестері желісінде ауқымды жеңілдіктерге ие болады және абоненттік шот балансын толтыру үшін көтеріңкі балл алуға мүмкіндік беретін арнаулы мәртебе алады және оларды кейін Beeline ұсынған қызметтер топтамасына ауыстыруға болады.